

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ  
САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ  
БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ АЛМАТЫ  
ҚАЛАСЫНЫҢ САНИТАРИЯЛЫҚ-  
ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ  
ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ  
«ДЕПАРТАМЕНТ САНИТАРНО-  
ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ  
ГОРОДА АЛМАТЫ КОМИТЕТА  
САНИТАРНО-ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО  
КОНТРОЛЯ МИНИСТЕРСТВА  
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН»

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ  
БАС МЕМЛЕКЕТТІК  
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ

ҚАУЛЫСЫ

30.03.2021 ж.

Алматы қаласы

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ  
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ  
ГОРОДА АЛМАТЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 14

город Алматы

**Алматы қаласының Бас мемлекеттік  
санитариялық дәрігерінің 29.03.2021 ж.  
№ 13 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Алматы қаласының тұрғындары арасында коронавирустық инфекцияның (COVID-19) таралуының алдын алу мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Алматы қаласының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 29 наурыздағы № 13 қаулысына келесідей өзгерістер енгізілсін:

3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қоғамдық тамақтану объектілерінің келушілерге қызмет көрсетуімен жазғы алаңдарда ғана отыратын орындар 50%, бірақ 50 орыннан артық емес толтырылған кезде және үстелдердің арасындағы қашықтықты кемінде 2 метр қатаң сақтай отырып, уақыт бойынша 7.00-ден 22.00 сағатқа дейін шектелген жағдайда жұмыс істеуге рұқсат етілсін.

4. 2020-2021 оқу жылының соңына дейін жатақханаларда тұрмай ТжКБ мен ЖОО студенттерін және жалпы білім беретін мектеп оқушыларын

қашықтықтан оқыту форматына көшіру, ата-аналардың өтініші бойынша 1-5 сыныптарды қоса алғанда (халықаралық мектептерде 1-7 сыныптарды қоса алғанда) 15 адамға дейінгі балалар саны бар 9, 11 (12) сыныптардағы кезекші сыныптарға және 15 адамға дейінгі сыныптарды жинақтаумен контингенті 300 оқушыға дейінгі мектептердің дәстүрлі форматында оқуға рұқсат етілсін.».

2. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

**Алматы қаласының  
Бас мемлекеттік  
санитариялық дәрігері**



**Ж. Бекшин**